

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында
Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы
аумақтары тұрғындарының қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі
туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы N 873 Қаулысы

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952
қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Нұрлан Баймолдаұлы Онжановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952
қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және
Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары
тұрғындарының қазақстан-ресей мемлекеттік
шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі,

тарихи қалыптасқан тату көршілік қатынастарды ескере отырып,
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары
тұрғындарының арасындағы шаруашылық, мәдени және басқа да дәстүрлі
байланыстарды сақтау мен дамытудың қажеттілігін тани отырып,
1995 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының
шекаралас облыстарының ынтымақтастығы туралы Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Россия Федерациясының Үкіметі арасындағы келісімнің 7-бабының
е р е ж е л е р і н е с к е р е о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:
"шекара маңындағы аумақтар" - осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген,
қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасына тікелей жанасатын Қазақстан Республикасы
мен Ресей Федерациясының әкімшілік-аумақтық бірліктері;
"шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары" - шекара маңындағы аумақтарда
тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтары;
"шекара" - 2005 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартта
белгіленген қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы;
"шекараны кесіп өту орындары" - шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары осы
Келісімнің шарттарында оны кесіп өтуі үшін белгіленген қазақстан-ресей мемлекеттік
шекарасындағы орындар және олар арнайы жабдықталуы мүмкін;
"Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері" - 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы шекара
өкілдерінің қызметі туралы келісімге сәйкес тағайындалған лауазымды тұлғалар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

2-бап

Екінші Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағына үш тәулікке дейінгі
мерзімге келетін, сондай-ақ кері қарай кететін бір Тарап мемлекетінің шекара
маңындағы аумағының тұрғындары осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген шекараны
кесіп өту орындарында шекараны кесіп өте алады және бұл ретте уақытша келген
мемлекеттің заңнамасын, сондай-ақ осы Келісімнің шарттарын сақтауға міндетті.

Көрсетілген орындарда шекараны кесіп өтудің тоқтатылуы (шекара арқылы
қатынастардың аяқталуы) Тараптардың уағдаластығы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

3-бап

Шекараны кесіп өту орындарында шекара маңындағы аймақтардың тұрғындарын өткізу режимін ұйымдастыру Тараптар мемлекеттерінің шекаралық ведомстволарына ж ү к т е л е д і .

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

4-бап

Індеттер, жануарлар індеттері, дүлей зілзалалар немесе басқа да күтпеген жағдаяттар мен төтенше жағдайлар кезінде Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының шекараны кесіп өтуін уақытша тоқтата т ұ р у ы м ү м к і н .

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері уақытша шектеулерді енгізгенге және олардың күші жойылғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын бір-бірін хабардар етеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

5-бап

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары, егер Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері уағдаластықтарында өзгеше көзделмесе, тәуліктің кез келген уақытында жаяу, велосипедтермен немесе күш көлігімен шекараны кесіп өтеді.

Екінші Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағына келетін, сондай-ақ шекараны кесіп өткен сол жерден кері қайтатын бір Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағының тұрғындары өздеріне тиесілі жеңіл автомобильдерді, мотоциклдерді және мопедтерді осы Келісімнің 2-бабында белгіленген мерзімде шекара арқылы тіркеусіз өткізе алады.

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары жеке басының, отбасының, ұй шаруашылығының және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мұқтаждарына арналған тауарларды әрбір Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген тауарларды кеден баждары мен салықтарды төлеусіз әкелу (әкету) нормаларынан аспайтын мөлшерде шекара арқылы өткізе алады.

Шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналған не әкелуге (әкетуге) тыйым салынған немесе Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдарының рұқсат беретін құжаттарының болуы талап етілетін тауарларды әкелуге (әкетуге) ниеті болған жағдайда, олардың шекараны кесіп өту орындары арқылы жүруіне жол берілмейді. Мұндай тұрғындар шекараны 1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімде көзделген өткізу пункттерінде кесіп өтуге міндетті.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері шекара маңындағы аумақтардың әкімшіліктерімен бірлесіп, шекара маңындағы аумақтар тұрғындарын алдын-ала хабардар ету үшін қажеттілігіне қарай әкелуге (әкетуге) тыйым салынған не Тараптар мемлекеттерінің тиісті бақылау органдарының рұқсат беретін құжаттарының болуы талап етілетін тауарлардың тізбесімен алмасады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

6-бап

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары шекараны осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген құжаттардың негізінде, осы Келісімде белгіленген шекараны кесіп өту орындарында кесіп өтеді.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

7-бап

Егер бір Тарап мемлекетінің шекара маңындағы аумағының тұрғынының екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуы кезеңінде осы Келісімге 3-қосымшада көрсетілген құжаттары жоғалған немесе бүлінген жағдайда, мұндай тұрғын бұл туралы барған мемлекеттің ішкі істер органдарына кідіріссіз хабарлауға міндетті.

Мұндай жағдайда барған мемлекеттің ішкі істер органдары жеке басын анықтағаннан кейін, көрсетілген тұрғынға құжаттарын жоғалғаны туралы анықтама береді, ол шекарада белгіленген өткізу пункттері арқылы тұратын мемлекетінің аумағына оралу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

8-бап

Осы Келісімнің шарттары негізінде шекараны кесіп өтетін шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары барған Тарап мемлекетінің заңнамасын сақтауға міндетті.

Тараптар мемлекеттерінің шекара өкілдері Тараптар мемлекеттерінің шекара маңындағы аумақтарында әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны немесе шекараны кесіп өту ережесін бұзғаны үшін ұсталған шекара маңындағы аумақтардың тұрғындарын қабылдауды (беруді) ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл ретте құқық бұзу дәлелдемелерін жинау және ресімдеу аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шекара маңындағы аумақтардың тұрғындары шекара арқылы тауарларды өткізу бөлігінде Тараптар мемлекеттерінің кедендік заңнамасының талаптарын бұзғаны айқындалған жағдайда, Тараптар мемлекеттерінің шекаралық биліктері мұндай фактілер туралы аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің кеден

органдарына жедел хабарлайды. Бұл ретте, құқық бұзушылық жасаған адам, аумағында құқық бұзушылық жасалған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жауап береді.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

9-бап

Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын келіспеушіліктер Тараптар мемлекеттерінің отырыстарында (кездесулерінде) талқыланып, шешіледі.

Шешілмеген келіспеушіліктер әрі қарай қаралуы үшін дипломатиялық арналар бойынша Тараптарға беріледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

11-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бірде-бірі кезекті кезең аяқталғанға дейін кем дегенде алты ай бұрын өзінің Осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарламаса, әрбір ретте келесі 5 жылдық кезеңге ұзартылатын болады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

200_ жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қ А З А Қ С Т А Н
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Р Е С Е Й
ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ ҮШІН

1-қосымша

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының
шекара маңындағы аумақтарының
тізбесі ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Ш ы ғ ы с	Қ а з а қ с т а н	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары		
Б е с қ а р а ғ а й ;		З ы р ы а н ;
Б о р о д у л и х а ;		Г л у б о к о е ;
Ш е м о н а и х а ;		К а т о н қ а р а ғ а й .
Риддер қаласы		

П а в л о д а р	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары	
Ш а р б а қ т ы ;	Ж е л е з и н ;
У с п е н ;	К а ч и р ;
Лебязжі;	Е р т і с .

С о л т ү с т і к	Қ а з а қ с т а н	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары		
У ә л и х а н о в ;		Қ ы з ы л ж а р ;
А қ ж а р ;		М а м л ю т ;
М.Жұмабаев;	Жамбыл.	

Қ о с т а н а й	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары	
Ұ з ы н к ө л ;	Т а р а н ;
М е н д і ғ а р а ;	Д е н и с о в ;
Ф е д о р о в ;	Ж і т і қ а р а .
Қарабалық;	

А қ т ө б е	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары	
Ә й т е к е б и ;	М ә р т ө к ;
Х р о м т а у ;	Қ о б д а .
Қарғалы;	

Б а т ы с	Қ а з а қ с т а н	о б л ы с ы
Аудандардың аумақтары		
Ш ы ң ғы р л а у ;		Ж ә н і б е к ;
Б ө р і л і ;		Қ а з т а л о в ;
З е л е н о в ;		Б ө к е й о р д а .
Тасқала;		

А т ы р а у	о б л ы с ы
Аудан аумағы	
Құрманғазы.	

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

А л т а й

Р е с п у б л и к а с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

Қ о с - А ғ а ш ;

У с т ь - К о к с и н .

У с т ь - К а н ;

А л т а й

ө л к е с і

Аудандық әкімшілік аумақтары

Б ө р і л і ;

Р у б ц о в ;

З м е и н о г о р ;

С л а в г о р о д ;

К л ю ч е в ;

Т а б ы н ;

Қ ұ л ы н д ы ;

Т р е т ь я к о в ;

Л о к т е в ;

У г л о в ;

М и х а й л о в ;

Ч а р ы ш .

Өлкелік бағыныстағы қалалар

З м е и н о г о р с к ;

С л а в г о р о д ;

Р у б ц о в с к ;

Я р о в о е .

А с т р а х а н

о б л ы с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

А қ т ө б е ;

К а м ы з ы к ;

В о л о д а р ;

Л и м а н ;

И к р ы н и н ;

Қ а р а б а л и н .

К р а с н о я р ;

В о л г о г р а д

о б л ы с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

П а л л а с о в ;

С т а р о п о л т а в .

Қ о р ғ а н

о б л ы с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

З в е р и н о г о л о в ;

П о л о в и н ;

К у р т а м ы ш ;

П р и т о б о л ь н ы й ;

М а к у ш и н ;

Ц е л и н н ы й .

П е т у х о в ;

Н о в о с и б и р с к

о б л ы с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

Б а л г а н ;

К у п и н ;

К а р с у к ;

Ч и с т о о з е р н ы й .

О м б ы

о б л ы с ы

Аудандық әкімшілік аумақтар

Е с і л к ө л ;

П о л т а в а ;

Н а з ы в а е в ;

Р у с с к о - П о л ь н ;

Н о в о в а р ш а в ;

Ш ұ б а р к ө л ;

О д е с с а ;	Ч е р л а к .
Павлоград;	
О р ы н б о р	о б л ы с ы
Аудандық әкімшілік аумақтар	
А д а м о в ;	Қ у а н д ы қ ;
А қ б ұ л а қ ;	Первомай;
Б е л я е в ;	С в е т л и н ;
Г а й ;	С о л ь - И л е ц к ;
Д о м б а р о в ;	Т а ш л и н ;
И л е к ;	Я с н е н
Кваркен;	Новотроицк қаласы
Орск қаласы	
С а м а р а	о б л ы с ы
Аудандық әкімшілік аумақ	
Большечернигов.	
С а р а т о в	о б л ы с ы
Аудандық әкімшілік аумақтар	
А л е к с а н д р о в о - Г а й ;	О з и н ;
Д е р г а ч е в ;	П е р е л ю б ;
Новоузен; Питер.	
Т ү м е н	о б л ы с ы
Аудандық әкімшілік аумақтар	
Б е р д ю ж ;	С л а д к о в .
Казан;	
Ч е л я б і	о б л ы с ы
Аудандық әкімшілік аумақтар	
Б р е д и н ;	О к т я б р ь ;
В а р н е н ;	Т р о и ц к ;
Қарталы; Чесмен.	
Облыстық бағыныстағы қала	
Троицк	
2-қосымша	

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

Шекараны кесіп өту орындарының тізбесі

Қазақстан Республикасы**Ресей Федерациясы****Шығыс Қазақстан облысы****Алтай Республикасы**

Риддер қаласы

Кордон

- Қарағай

Усть-Коксин ауданы

Алтай өлкесі

Бесқарағай

Березовка

- Шадруха

Углов ауданы

а у д а н ы

Бородулихин

Коростели

- Наумовка

Углов ауданы

а у д а н ы

Бородулихин

Переменовка

- Новенькое

Локтев ауданы

а у д а н ы

Бородулихин

Буркотово

- Золотуха

Локтев ауданы

а у д а н ы

Шемонаиха

Красная

- Михайловка

Третьяков ауданы

ауданы

Шемонаиха

Павлодар облысы

Успен ауданы

Екатеринославка

- Михайловка

Бөрілі ауданы

Успен ауданы

Галицкое

- Новоандреевка

Бөрілі ауданы

Шарбақты ауданы

Северное

- Табуны

Табын ауданы

Шарбақты ауданы

Жаңаауыл

- Васильчуки

Ключев ауданы

Лебяжі ауданы

Бәйімбет

- Бостан

Михайлов ауданы

Батыс Қазақстан облысы**Астрахан облысы**

Бөкейорда ауданы

Молодость

- Верхний

Ахтубин ауданы

Басқұншақ

Атырау облысы

Құрманғазы

Қиғаш

- Малый Арал

Краснояр ауданы

а у д а н ы

Құрманғазы

Котяевка

- Қара-Өзек

Краснояр ауданы

а у д а н ы

Құрманғазы

Балқұдық

- Қарабалы

Қарабалин

а у д а н ы

а у д а н ы

Құрманғазы

Жаңаауыл

- Гусиный

Володар ауданы

а у д а н ы

Құрманғазы

Көптоғай

- Теплика

Краснояр ауданы

а у д а н ы

Құрманғазы

Жалғыз апан

- Басқұншақ

Ахтубин ауданы

а у д а н ы

Қостанай облысы		Қорған облысы	
Федоров ауданы	Белояровка	- Луговое	Целинный ауданы
Меңдіғара ауданы	Ұзынағаш	- Қазақ-Көшірдік	Целинный ауданы
Ұзынкөл ауданы	Березово	- Звериноголовское	Звериноголов а у д а н ы
Ұзынкөл ауданы	Сибирка	- Зубаревка	Звериноголов а у д а н ы
Ұзынкөл ауданы	Песчанка	- Ясная	Притобольный а у д а н ы
Ұзынкөл ауданы	Гренадерка	- Романово	Половин ауданы

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбыл ауданы	Богатое	- Подувальная	Петухов ауданы
Мамлют ауданы	Михайловка	- Октябрьское	Петухов ауданы

Павлодар облысы		Новосибирск облысы	
Железин ауданы	Петропавловка	- Березовка	Купин ауданы
Железин ауданы	Жамбыл	- Орловка	Купин ауданы
Успен ауданы	Қосақ	- Павловка	Карасук ауданы
Качир ауданы	Сұлу Ағаш	- Новокарасук	Карасук ауданы
Железин ауданы	Красновка	- Тереңкөл аялдама	Баған ауданы п у н к т і
Железин ауданы	Новокузьминка	- Новокрасное	Чистоозерный а у д а н ы

Солтүстік Қазақстан облысы		Омбы облысы	
М.Жұмабаев а т ы н д а ғ ы	Круглое	- Емонтаево	Есілкөл ауданы
М.Жұмабаев а т ы н д а ғ ы	Надежка	- Кромы	Есілкөл ауданы
М.Жұмабаев а т ы н д а ғ ы	Қарағанды	- Украинка	Есілкөл ауданы
М.Жұмабаев а т ы н д а ғ ы	Куломзино	- Кисляки	Назыбаев ауданы
Ақжар ауданы	Найзатомар	- Орехово	Одесса ауданы
Ақжар ауданы	Ұялы	- Гришковка	Одесса ауданы
Уәлиханов	Ақтүйесай	- Громогласово	Одесса ауданы

а у д а н ы

Уәлиханов	Қаратерек	- Юрьевка	Павлоград
а у д а н ы			а у д а н ы
М.Жұмабаев	Александровка	- Мечебилово	Полтава ауданы
а т ы н д а ғ ы		а у д а н	
М.Жұмабаев	Золотая Нива	- Новоильиновка	Полтава ауданы
а т ы н д а ғ ы		а у д а н	
Ақжар ауданы	Киевское	- Длинное	Полтава ауданы
Ақжар ауданы	Горьковское	- Еремеевка	Полтава ауданы
Ақжар ауданы	Ақсары	- Новоскатовка	Шарбақкөл
			а у д а н ы
Уәлиханов	Қаратерек	- Алабота	Русско-Полян
а у д а н ы			а у д а н ы
Уәлиханов	Амангелді	- Хлебодаровка	Русско-Полян
а у д а н ы			а у д а н ы
Уәлиханов	Озерное	- Калинино	Русско-Полян
ауданы	ауданы		

Павлодар облысы

Ертіс ауданы	Майқоңыр	- Голубовка	Русско-Полян
			а у д а н ы
Ертіс ауданы	Майқоңыр	- Черлакское	Нововаршав
			а у д а н ы

Железин ауданы Лесное - Кузнецовка Черлак ауданы

Батыс Қазақстан облысы

Орынбор облысы

Зеленов ауданы	Чесноково	- Рубежинский	Первомай ауданы
Зеленов ауданы	Раздольное	- Усов	Первомай ауданы
Зеленов ауданы	Кирсаново	- Раннее	Ташлин ауданы
Бөрілі ауданы	Жаңаталап	- Затонное	Илек ауданы
Шыңғырлау	Шоқтыбай	- Озерки	Илек ауданы
а у д а н ы			
Шыңғырлау	Шыңғырлау	- Линевка	Соль-Илецк
а у д а н ы			а у д а н ы

Ақтөбе облысы

Қобда ауданы	Жиренқопа	- Ивановка	Соль-Илецк
			а у д а н ы
Қобда ауданы	Қоғалы	- Покровка	Соль-Илецк
			а у д а н ы
Мәртөк ауданы	Степь	- Веселый Второй	Ақбұлақ ауданы

Қобда ауданы	Терісаққан	- Новомарьевка	Ақбұлақ ауданы
Қобда ауданы	Ақраб	- Шкуновка	Ақбұлақ ауданы
Мәртөк ауданы	Покровка	- Хлеборобное	Беляев ауданы
Мәртөк ауданы	Студенческое	- Новый	Қуандық ауданы
Қарғалы ауданы	Әлімбет	- Пригорное	Новотроицк
қ а л а с ы			
Қарғалы ауданы	Степное	- Полевой	Домбаров ауданы
Хромтау ауданы	Майтөбе	- Қожамберлі	Домбаров ауданы
Қарғалы ауданы	Көженсай	- Прибрежный	Домбаров ауданы
Айтеке би ауданы	Тереңсай	- Ақтөбе	Светлин ауданы

Қостанай облысы

Жітіқара ауданы	Аққарға	- Восточный	Светлин ауданы
Жітіқара ауданы	Жалтыркөл	- Каменецк	Адамов ауданы
Жітіқара ауданы	Волгоградское	- Комсомольский	Адамов ауданы
Жітіқара ауданы	Бірсуат	- Екатериновка	Кваркен ауданы

Батыс Қазақстан облысы

Саратов облысы

Тасқала ауданы	Есенсай	- Новозизеевка	Дергачев ауданы
Тасқала ауданы	Чижа-2	- Восточный	Дергачев ауданы
Жәнібек ауданы	Жақсыбай	- Петропавловка	Новоузень
а у д а н ы			
Қазталов ауданы	Болашақ	- Пограничное	Новоузень
а у д а н ы			
Қазталов ауданы	Аққурай	- Шукеев	Новоузень
а у д а н ы			
Тасқала ауданы	Беленькое	- Горный	Озин ауданы
Зеленов ауданы	Карпово	- Комсомольский	Озин ауданы
Зеленов ауданы	Вечный	- Холманка	Перелюб ауданы
Жәнібек ауданы	Таловка	- Малый Узень	Питер ауданы
Жәнібек ауданы	Зерновая	- Нива	Питер ауданы
Қазталов ауданы	Қошанкөл	- Варфоломеевка	Александрово-Гай
а у д а н ы			

Солтүстік Қазақстан облысы

Түмен облысы

Қызылжар ауданы	Гайдуково	- Новоалександровка	Қазан ауданы
Қызылжар ауданы	Долматово	- Викторовка	Қазан ауданы
Қызылжар ауданы	Красный Яр	- Ельцово	Қазан ауданы

Қызылжар ауданы	Сумное	- Благодатное	Қазан ауданы
М.Жұмабаев	Куломзино	- Новоказанка	Сладков ауданы
а т ы н д а ғ ы		а у д а н	
М.Жұмабаев	Гаврино	- Александровка	Сладков ауданы
а т ы н д а ғ ы		а у д а н	
М.Жұмабаев	Суворовка	- Красивое	Сладков ауданы
а т ы н д а ғ ы		а у д а н	
Қызылжар ауданы	Гайдуково	- Зарослое	Бердюж ауданы

Қостанай облысы

Челябі облысы

Денисов ауданы	Комаровка	- Княженский	Бредин ауданы
Денисов ауданы	Приречное	- Красный Октябрь	Варнен ауданы
Қарабалық	Приречное	- Казановка	Варнен ауданы
а у д а н ы			
Денисов ауданы	Подгорный	- Маслоковцы	Варнен ауданы
Қарабалық	Победа	- Плодовый	Троицк ауданы
а у д а н ы			
Қарабалық	Шадықсаевка	- Ключевка	Троицк ауданы
а у д а н ы			
Қарабалық	Подгородка	- Кварцитный	Троицк ауданы
а у д а н ы			
Федоров ауданы	Новоукраинка	- Қаракөл	Октябрь ауданы
Федоров ауданы	Грачевка	- Қаракөл	Октябрь ауданы
Федоров ауданы	Кеңерал	- Петровский	Октябрь ауданы
Қарабалық	Боскөл	- Луговой	Чесмен ауданы
а у д а н ы			
Қарабалық	Жамбыл	- Огнеупорный	Чесмен ауданы
ауданы			
3-қосымша			

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.30. N 952 қаулысымен.

Шекара маңындағы аумақтарда тұратын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі үшін жарамды құжаттар тізбесі

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі және шекара маңындағы аумақтың елді мекенде тұратындығын куәландыратын, әділет органдары немесе ауылдық шекара маңы округтерінің әкімдері куәландырған азаматтарды тіркеу кітабынан (тұрғындарды есепке алу кітабынан) үзінді көшірме.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты және оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұратындығын куәландыратын, әділет органдары немесе ауылдық шекара маңы округтерінің әкімдері куәландырған азаматтарды тіркеу кітабынан (тұрғындарды есепке алу кітабынан) үзінді көшірме.

3. Тууы туралы куәлік (16 жасқа дейінгі балалар үшін). Кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз жол жүруі кезінде аталған өкілдердің кәмелетке толмаған адамдардың жол жүруіне нотариалды түрде ресімделген келісімдерінің болуы міндетті.

Ресей Федерациясының азаматтары үшін

1. Ресей Федерациясы азаматының паспорты - шекара маңындағы аумақтың шекара маңындағы елді мекенінде тұратындығын тіркеу туралы белгі болған жағдайда.

2. Ресей Федерациясынан тысқары жерлерде Ресей Федерациясы азаматының жеке басын куәландыратын Ресей Федерациясы азаматының паспорты және Ресей Федерациясының азаматтарын тіркеу есебіне алу органдары оның шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұратындығын куәландыратын үй кітапшасынан үзінді к о ш і р м е .

3. Ресей Федерациясының азаматтығына қатыстылығы көрсетілген тууы туралы куәлік (14 жасқа дейінгі балалар үшін). Кәмелеттік жасқа толмағандардың заңды өкілдерінің бірге жүруінсіз жол жүруі кезінде кәмелетке толмаған адамдардың жол жүруіне көрсетілген өкілдердің нотариалды түрде ресімделген келісімдерінің болуы міндетті.